

Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Олимпиадалық даярлау орталығы" және "Спортшылардың допингке қарсы зертханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындарын құру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 27 ақпан N 251

Спорттық резервті және ұлттық құрама командаларды сапалы даярлау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Туризм және спорт жөніндегі агенттігінің "Олимпиадалық даярлау орталығы" және "Спортшылардың допингке қарсы зертханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорындары (бұдан әрі - Кәсіпорындар) құрылсын.

2. Мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ Кәсіпорындарға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісі функциясын жүзеге асыратын орган Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі болып белгіленсін.

3. Кәсіпорындар қызметінің негізгі мәні мыналар болып белгіленсін:

1) "Олимпиадалық даярлау орталығы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының: спорт саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру, оның ішінде республиканың спорттық резерві мен ұлттық құрама командаларын д а я р л а у ;

2) "Спортшылардың допингке қарсы зертханасы" республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының: спорт саласындағы өндірістік-шаруашылық қызметті жүзеге асыру, оның ішінде Халықаралық олимпиада комитетінің Допингке қарсы кодексіне сәйкес допингке қарсы іс-шараларды өткізу.

4. Қазақстан Республикасының Туризм және спорт жөніндегі агенттігі заңнамада белгіленген тәртіппен бір ай мерзімде:

1) Кәсіпорындардың жарғыларын бекітсін;

2) Кәсіпорындардың әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін;

3) осы қаулыдан туындайтын өзге де шараларды қабылдасын.

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі